

Көрнекті қоғам қайраткері Саламат Мұқашевтың өмір ЖОЛЫ

Саламат Мұқашұлы Мұқашев — Қазақ Совет Социалистік Республикасына еңбегі сіңген саяси және мемлекеттік қайраткері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы.

Гурьев мұнай техникумын (1947), ВЦСПС-тің Харьковтегі мектебін (1951), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1947) сырттай оқып бітірген. Еңбек жолын 1942 жылы Мақат кәсіпшілігінде операторлықтан бастады.

Байұлы тайпасының Есентемір руынан.

С.Мұқашев 1927 жылы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында дүниеге келген.

Фабрика-зауыттық оқуда білім алған соң Мақаттағы мұнай кәсіпорнына жер асты ұңғымаларын жөндеуші оператор жұмысына кірісті. Гурьевтегі мұнай техникумын аяқтап, елімізде тұңғыш рет өндірістік мұнай өндіру басталған Доссор мұнай кәсіпорнында бухгалтер болып еңбек жолын жалғастырды. Кейінгі екі жылда комсомол комитетінің хатшылығына сайланды. Ол өмірінің он жылын мұнайшы мамандығын меңгеруге жұмсайды. Жоғары жауапкершілік пен іскерлік және ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Саламат Мұқашұлына Харьков қаласындағы (Украина) Бүкілодақтық орталық кеңестік кәсіби одақтардың екі жылдық жоғары мектебіне жолдама беріледі. Оны үздік бітіріп, елге оралды.

1951-1953 жылдары мұнай өнеркәсібі жұмысшыларының Республикалық кәсіподақ комитетінде және 1953-1954 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінде нұсқаушы қызметтерінде болды. 1954-1961 жылдары Гурьев облыстық кәсіподақ кеңесінде хатшы және төраға лауазымдарын абыроймен атқарды.

Атқарған қызметтері

1961-1970 жылдары Ембі ауданы партия комитетінің 1-секретары.

1970-1977 Гурьев облыстық партия комитетінің 1-хатшысы

1977-1980 Қазақ кәсіподақтар кеңесінің төрағасы

1980-1985 Маңғыстау облыстық партия комитетінің 1-хатшысы

1985-1988 ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы төрағасы

1988-1997 Республикалық табиғатты қорғау қоғамының төрағасы

1950 жылдан КОКП мүшесі.

1971 жылдан Қазақстан КП ОК-нің мүшесі.

1971 жылдан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты

1977 жылдан Кәсіподақтардың Қазақ респ. советінің председателі.

1977 жылдан Қазақстан КП ОК-нің Бюро мүшелігіне кандидат.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі.

КСРО Жоғарғы Советінің депутаты.